

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 10 мамырдағы N 377 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 ақпандағы N 161 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі N 1006 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.30 N 1006 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 10 мамырдағы N 377 қаулысына мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

"Әуе көлігінде" деген 5-бөлімде:

реттік нөмірі 5.3-жолдың 3-бағанындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің бұйрығы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*